

Келісілді Қасым
«Babi» бөбекжайының
әдіскері Касимова.А.Б

Бекітілді Нұрғисим
«Babi» бөбекжайының
директоры Кулахметова.О.А



Тақырыбы: «Ас – атасы нан»



Тәрбиеші: Махамбет.Қ.М

Тақырыбы: «Ас – атасы нан»

Мақсаты: Дикандар еңбегін, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, нанның дастарханға қайдан келетінін түсіндіру, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту. Балаларды наубайшының еңбегімен таныстыра отырып, піскен нанның дайындалу кезеңдерін бақылату; нанның қасиеті туралы ұғым беру; наубайшының еңбегі туралы білімдерін кеңейту; піскен нанның дайындалу кезеңдерін бақылату арқылы қабылдау қабілетін, сөйлеу тілін, түйсігін дамыту; нанға деген ерекше құрметін ояту; наубайшы еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: Нанның дастарханға қандай еңбекпен, қалай келетінін біледі, сұрақтарға ойланып дұрыс жауап беруді, үлкендер және дикандар еңбегін құрметтеуді игереді, үйренгендерін күнделікті ойындарда қолданады.

Шаттық шеңбері:

Армысың алтын күн

Армысың көк аспан

Армысың жер Ана

Армысың достарым

Сендерді көріп қуандым (тәрбиеші балалармен бірге қимыл іс-әрекет арқылы орындайды)

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Ұн салынған дорба немесе суреттер: 1. ауызы байланған дорба; 2. табақтағы ұн, жанында босаған дорба. Мазмұнды сурет: наубайшының бейнесі, алжапқыш пен қалпақ киген, жеңдері түрілген, үстелдің артында тұр, үстелде буы шыққан ыстық нан; "Наубайшы нан пісірді" атты бейнеролик; табақтағы нан. Дайын қамыр, оқтау мен алжабқыш.

1.Кіріспе бөлім

Дорбаны көрсету: ұнға толған, ауызы байланған.

1-сурет: аузы байланған дорба.

- Балалар, мынау не? Дорба. Қайтала.

- Дорбада не бар?

Дорбаны аудару, табакқа ұнды төгу.

2-сурет: Табақтағы ұн. Жанында босаған дорба.

- Мынау аппақ ұн. Кімге ұн керек екен?



2. Негізгі бөлім

Наубайшының бейнесі, алжапқыш пен қалпақ киген, жеңдері түрілген, үстел артында тұр.

Алдында, үстелде, буы шыққан ыстық нан.

- Балалар, мынау наубайшы. Ол нан пісірді. Қайтала. Жарайсыңдар. Нанды қалай пісіреді екен?.. Көрейік.

Бейнеролик: «Наубайшы нан пісірді» https://youtu.be/fKBW-quSIns?si=9P2T81Y4nrL8eM_o

- Балалар, наубайшы, нан пісірем десе, жеңдерін түреді (көрсету), басына қалпақ, алжапқыш қиеді.

- Наубайшы нан илейді. Қайтала (қолдардың қимылы).

- Пешке салды. Қайтала (қолдардың қимылы).

- Пештен алды нан ыстық. Қайтала.

2.2. Сергіту сәті. "Нан илейік"

Жеңімізді кел түрейік (ашық алақандарды бір-біріне үйкеу),
Нан илейік, нан илейік (алақандар төмен, қолдарды алға созу, кеудеге жинау).

Домалатып, ораймыз (қолдарды кеуде алдында шынтақ бүгіп, өзара айналдыру),

Ыстық пешке саламыз (қолдар белде, сап түзеу).

Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау),

Аппақ ұнды қағамыз (еңкейіп, алақанды тізеге қағу).

Ырғақты, темпі орташа әуені жазбасы.

Балалар педагогтың соңынан қимылдармен көрсетіп отырады.

2.3. Нан өнімімен танысу, бақылау.

- Қараңдар, балалар, мынау нан. Қайтала. Жарайсыңдар.

- Нанның пішіні домалақ (алақанмен айналдыру). Қайтала (Ермек, Сәния).
Жарайсыңдар.

- Нан томпайып, көтерілді, биік болды. Нан биік. Қайтала. Жарайсындар.
- Саусақпен басып көрсен, жұмсақ екен (саусақ тигізу). Қандай екен нан, ұстасаң? Иә. Жұмсақ. Қайтала.
- Балалар, нан тағы да қандай болды? Суық па? Нан ыстық (жылы). Ыстық. Қайтала. Жақсы.
- Ал дәмін көрсе, қандай екен? Дәмді!

2.4. "Нанның дәмін көрейік" рефлексиясы.

Мақсаты. Нанның дәмін сезінуді, наубайшының еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.

Наубайшы пісірген кішкентай тәтті тоқаштарды балаларға ұсыну және жегізу. Дәмнен кейін қолдарын жуғызу.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балалардың бүгінгі тақырып бойынша материалдарды қаншалықты игергендерін тексеру мақсатында сұрақтар қояды:

- Балалар, бүгін оқу қызметінде біз кіммен таныстық? Наубайшымен.
- Наубайшы не пісіреді? Нан.
- Балалар, наубайшы нан пісірем десе не істеуі керек?
- Қалпақ, алсалғыш киеді.
- Наубайшы нан илейді.
- Пешке салады.
- Пештен ыстық нан алады. Оны суытады.
- Суығанда біз нанды жейміз, солай ма, балалар? Иә.
- Бәрекелді, балалар, оқу қызметіне белсенді қатыстындар, рақмет, сау болындар!